



ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 11 (7798)
Сәрсенбі,
11 ақпан 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

АРАЙ

ЖАҢАЛЫҚТАР

★ РЕСПУБЛИКАДА

**Н.Назарбаев ҚР
Қауіпсіздік кеңесінің
хатшысы және ҚР
ҚК Бас штабының
басшысымен
кездесті**



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Нұрлан Ермекбаевпен және Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қарулы Күштер Бас штабының бастығы Сәкен Жасұзақовпен кездесті.

Кездесу барысында Қарулы Күштердің қазіргі жағдайы, олардың жауынгерлік қабілетін арттыру, сондай-ақ заманауи әскери техникамен және қару-жараппен қамтамасыз етілу мәселелері талқыланды.

Қазақстан Президенті елдің қорғаныс өнеркәсібі кешенін және әскери-техникалық ықпалдастықты одан әрі дамыту, әскери қызметшілердің кәсіби дайындығын ұдайы жетілдіру қажеттілігіне назар аударды.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Akorda.kz.

* * *

★ ОБЛЫСТА

**Пошта арқылы
тікелей сұрақ
қоюға мүмкіндік
туды**

«Қазпошта» АҚ-ның ауылдық жерлердегі бөлімшелерінде тегін интернет желісі іске қосылады. Аталмыш жоба ауылдағы ағайындарға бейнеконференция көмегімен «Нұр Отан» партиясының өңірлік бөлімшесінің қоғамдық қабылдауымен байланысқа шығуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні «Қазпоштының» бөлімшелері еліміздің шалғайдағы елді мекендерінде қызмет көрсетуде. Осы орайда біз ауылдық жерлердегі тұрғындардың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған бірқатар жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Соның бірі – жергілікті пошта бөлімшелерінде тегін интернет желісін іске қосу, – деп түсіндірді «Қазпошта» АҚ-ның басқарма төрағасы Бағдат Мусин. Аталмыш жоба енгізілгеннен кейін, интернет желісі таратылмаған елді мекендердің адамдары өздері тұратын жердегі «Қазпошта» бөлімшесіне барып, «Нұр Отан» партиясының өкілдеріне бейнеқоңырау шалу арқылы өз сұрақтарын жолдай алады.

«Дидар» газетінен.

■ Есептік жиындар

Әкімдер есептері аяқталды

Елдімекендерді абаттандыруда Катонқарағай ауылдық округі, оның ішінде Катонқарағай ауылы, ауданда көпке үлгі етіліп айтылуда. Көпшіліктің алдында есеп берген ауыл әкімі Амантай Балтабаевтың сөзімен айтсақ, соңғы бір-екі жылдың ішінде бір ғана Катонқарағай ауылында екі жүзден астам үйдің шатыры, алпыс аула қоршаулары жаңаланған. Ауылдық әкімшіліктің, кенттік полиция бөлімі мен «Қаратай» спорттық сауықтандыру кешенінен басқа мемлекеттік мекемелердің ғимараттары толықтай жөндеуден өткізілген. Бұл ауыл тұрғындарының үлкен жетістігі, жоғары мәдениеттілікке ұмтылыстарының, елге, жерге, өз ауылына деген патриоттық сезімдерінің, ауыл әкімінің басшылық ролінің жемісі.

Округте шағын және орта бизнестің дамуына да кеңінен жол ашылған. Соның арқасында Аян Нығметов, Баян Бәзілбекова, Жігер Рахымжанов, Гүлмира Шоқпарова, Нұрлан Шалғымбаев тағы басқа кәсіпкерлер қосымша дүкендер, асханалар, наубайханалар ашып өз істерін кеңейтуде. Ауылдық округтің негізгі саласы – мал шаруашылығын дамытуда да келелі жұмыстар атқарылуда. Т.Бөкімбаев, Б. Жүнісов сияқты шаруа қожалықтарының басшылары қазақтың ақбас тұқымды және де басқа да әрі етті, әрі сүтті сиыр тұқымдарын сатып өкеліп болашаққа жақсы негіз қалап отыр. Бұрын аудан орталығы болған Катонқарағай ауылының инфрақұрылымын жақсартуда да табанды жұмыстар атқарылуда. Тұрғындардың кеңес заманынан бері көкейінен кетпеген Катонқа өзенінің жағалауын шегендеп, дамбы қою мәселесі де өткен күзде шешілген.

Аудан әкімі Қ. Байғоңұсов өз есебін халықпен ашық әңгімелесу түрінде, қысқа да нұсқа етіп берді. Аудан көлемінде атқарылған шаруалар белгілі, оны ешкім де жоққа шығара алмайды. Сондықтан, Қалиқан Байғоңұсовтың ең басты-басты шаруаларды нақтылай айта келе, әңгіме желісін алдағы уақытта ауданды, округті дамыту, демографиялық жағдайды жақсарту, тұрғындарды тұрақты жұмыстармен қамти отырып, олардың келешекке деген сенімін нығайту, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бүгінгідей дағдарыс жағдайында ел басқарған азаматтар мен қарапайым халықтың алдына қойып отырған талаптарын орындау бағытына бұрды. Сондай-ақ, Қалихан Байғоңұсовтың биыл Қазақстанда той жылы болғалы отырғандығын, атап айтқанда, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Абайдың 170 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, халықтар Ассамблеясының жылы, Конституцияның 20 жылдығы сияқты белгілі даталармен бірге жерлес жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қалиқан Ысқақовтың 80 жылдығының алда тұрғандығын атап өтті. Осы маңызды мерекелерді лайықты атап өту-бүкіл аудан жұртшылығына үлкен сын екендігін де ескертті.

Баяндаманы талқылауға жарыссөзге шыққан ауған соғысына қатысушы Нұрлыбек Нұқсиев орталық саябақтағы соғыста қаза тапқандарға арналған ескерткішті жаңарту, ондағы тақтаға батыр жерлесіміз, дивизия комиссары, генерал Е.П.Рыковтың да атын қосып жазу, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын Катонқарағай ауылында кең көлемде атап өту жөнінде өз ұсынысын жеткізді. Ленин мектебінің директоры Орсай Ұранбаев ұстаз-аналардың балаларын балабақшалардан алудағы қиындықтарын, кешкі сағат 17-00-ге дейін жұмыстан босай алмай

қалатындығын, соған байланысты балабақшалардағы қызметкерлердің жұмыс уақытын ұзартуды өтінді. Жаңауыл ауылының биі Қадыр Нұрқанов малға да, жанға да тыныштық бермей тұрған қасқырларды аулау мәселесін қозғады. Жиында Катонқарағай ауылдық Мәдениет үйінің жұмысы да сыналды. Осы мекеменің қызметкері Майра Қасымова ауылдық Мәдениет үйіне білімді, өнерлі жастардың тұрақтамайтындығын, оларға шығармашылықпен жұмыс істеуге жол берілмейтіндігін көп алдына мінберге шығып, ашық баяндады. Сонымен бірге, ол Қазақ хандығының 550 жылдығын арнаулы бағдарлама жасап, әр ауылда, көпшілік сезінетіндей етіп арнайы кестемен атап өтуді ұсынды.

Жарыссөзге қатысушылардың айтқан пікірлері мен ұсыныстарына, сын-ескертпелеріне әкімдер, Катонқарағай МҰТП Бас директоры Е.Мұстафин, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Қ. Сәдуаев тарапынан толыққанды жауап қайтарылды.

❖ ❖ ❖
Новоайрузовка мен Алтын-бел тұрғындары аудан әкімі мен ауылдық округ әкімдерінің жұмысын оңды бағалады.

Аталмыш округтер тұрғындары абаттандыру, ауылшаруашылығы өндірісін дамыту үшін несиелер мен жер үлескілерін алу жолдары, инфрақұрылым нысандарына жөндеу жұмыстарын жасау жайлы және т.б. мәселелерді көтерді.

❖ ❖ ❖
5 ақпан күні аудандық Мәдениет үйінде аудан әкімі мен Үлкен Нарын ауылдық округ әкімінің тұрғындармен есептік кездесуі өтті.

Аудан орталығы мәртебесі мұндай кездесулерге әрқашан ерекше назар аударады.

Жиынға округ тұрғындары, аудан орталығының мекемелер мен ұйымдардың басшылары, кәсіпкерлер, зейнеткерлер, шаруа қожалықтардың басшылары қатысты. Ауылдық округ әкімі Абайхан Ахметовтың есептік баяндамасынан кейін, сөз кезегі аудан әкімі Қалиқан Байғоңұсовқа берілді.

Аудан басшысы ауданның әлеуметтік –экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерімен таныстырып өтті. Тау-кен өндірісінен басқа, барлық көрсеткіштер бойынша жоспарлар орындалды. Аудан, жыл қорытындысы бойынша облыстың 19 қала мен аудандары арасында 9-шы орында (2013 жылы аудан 11 орында болған). Бұл деңгей бұдан да жоғары болар еді, алайда бұған жоғарыда аталған тау-кен кластері кедергі болды.

Ауданда атқарылып жатқан бюджеттік саланы оңтайландыру мәселесіне қатысты аудан әкімі, аудан экономикасы мен әлеуметтік саласына нұқсан келмейтіндей етіп оңтайландырылып, барлық қаражат ауданға қайтарылатынын және аудандағы маңызды орындар мен бағдарламаларға жұмсалатынын атап өтті.

Бұл қаржының басым бөлігі, бүкіл ауданның бет пердесі болып табылатын аудан орталығын дамытуға бағытталатын болады. Үлкен Нарын ауылын көріктендіріп, инфрақұрылымын дамытпай, ауданда туризм саласын толыққанды дамыту қиына соғады. Ал туристер легі жылсайын артуда. Алайда, жылына 14 мың турист, ол азғана. Бұл көрсеткішті 200-300 мыңға жеткізу қажет. Сол кезде ғана бұл саладан толыққанды қайтарым күтуге бола-



ды, – деді ол.

Қ. Байғоңұсов есебінің басым бөлігін ұзақ жылдар бойы шешімін таппаған және осының нәтижесінде шегіне жеткен мәселелерге арнады.

Алдыңғы кезекте бізге осы уақытқа дейін ешқашан күрделі жөндеуден өткізілмеген, қырық жылдан астам бұрын салынған аудан орталығындағы жылу беру және канализация жүйелерін жедел өзгертіп салу қажет. ЖСҚ әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде, – деді ол.

Сондай-ақ, Қалиқан Байғоңұсов басқа округтерде айтылғандай, тұрғындардан сүт сатып алу-ды ұйымдастыру мәселесіне де ерекше назар аударды.

Үлкен Нарындағы май зауытының қуаты жарым-жартылай да пайдаланылмай отыр деді әкім. Егер бұл істі бірлесе қолға алсақ, ол бәріміз үшін пайдалы болмақ. Сүт тапсырушылар айтарлықтай қосымша кіріс түсіреді. Ал өңдеушілер – шикізатқа ие болады. Сондай-ақ, мектеп оқушыларын да күнделікті табиғи, жергілікті сүтпен қамтамасыз ете аламыз.

Есептік баяндама барысында Қ. Байғоңұсов аудан бойынша атқарушы биліктің жұмысына сараптама жасай отырып, әлеуметтік-экономикалық дамудың әрбір бағытындағы аудан орталығының ролін байланыстыра айтты. Өкінішке орай, көптеген көрсеткіштер бойынша аудан орталығы өз мәртебесіне сай емес деді ол.

Аудан орталығының санитарлық жағдайы, қараусыз жайылған малдар, жоғарыда атап өткен жылу беру, жаз айларында сумен қамтамасыз ету, туристік инфрақұрылымдар және басқа да бірқатар бағыттар жедел әрі тиімді шаралар қабылдауды талап етеді. Бұл істердегі тұрғындардың ролі әлі күнге дейін тұтынушылық мағынада қалып отыр. Жаз айларында өткізілетін сенбіліктерге негізінен мемлекеттік құрылымдар мен кәсіпорындар қызметкерлері қатысады. Басқа тұрғындар, ішінара болмаса, көшелерді тазалауға жаппай жұмылдырылмайды.

Көпәтерілі тұрғын үйлердің тұрғындары үшін аса маңызды, әрі қажетті, – термомодернизациялау бағдарламасы бойынша мемлекет күрделі жөндеу үшін мүмкіндік жасайтын, бірқатар шығындардың орнын өз есебінен толтыратын жөндеу жұмыстарын жүргізуге жасалған келісім-шарттарға қол қоюдан бас тартатын тұрғындар да бар.

Аудан орталығының тұрғындары үшін мысал ретінде, аудан әкімі шалғайдағы шағын Аршаты ауылының тұрғындарының белсенділігін атап өтті. Мұнда жергілікті тұрғындардың өз ауылдарының тағдырына нем-

құрайлы қарамайтындықтары, еңбексүйгіштіктері арқасында көптеген жылдар бойы әлеуметтік-экономикалық, демографиялық жағдай тұрақты сақталуда. Сондықтан, бұл ауылға Бұқтырма өзенінің үстіне көпір, спортзал және шағын орталық салынды.

Аудан әкімі үлкеннарындықтарды Ұлт Көшбасшысы, ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол» атты Жолдауындағы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға белсене қатысуға шақырды. Сондай-ақ, ол ағымдағы жылы жоспарланып отырған, олардың көпшілігі аудан орталығында өтетін көптеген мерейтойлық іс-шараларды атап өтті. Бұл үшін бірлесе отырып, көшелер мен саябақтарды, ғимараттар мен қондырғыларды көркейтуіміз қажет. Алдыңғы кезекте саябақтарды, Отан қорғаушыларға арналған ескерткіштерді көркейту қажет.

Сіздердің белсенділіктеріңіз – азаматтық көзқарастарыңыздың, сана-сезімдеріңіздің, туған ауылдарыңыздың тағдырына деген жанашырлықтарыңыздың, еліміздің Тәуелсіздігін қорғап қалған аға ұрпақ өкілдеріне деген құрметтеріңіздің белгісі, – деді аудан әкімі.

Кездесу барысында округ



тұрғындары «Жайлау» бағдарламасы, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету, рыноктарды жабдықтау, ауылды көріктендіру бойынша және басқа да сауалдар қойды.

Бұл тұрғыда аудан орталығының тұрғыны Мұқият Мұхамжардың сөзін келтіруге болады. Ол өзінің шаруа қожалығын дамытып, «Жайлау» бағдарламасы бойынша 100 бас қой алып, қазіргі уақытта мал басының көбеюіне байланысты, жайлаудан жайылымдық жер бөлуді өтінді.

Кездесу барысында қойылған сауалдардың барлығына тиісті жауаптар қайтарылды.

Аудан және ауылдық округтер әкімдерінің есептері аяқталды. Барлық елдімекендерде бұл жиындар іскерлік жағдайда өткізілді. Көптеген мәселелер жергілікті жерлерде шешілді. Олардың басым бөлігіне кездесу барысында жауаптар мен түсініктемелер берілді. Жекелеген ұсыныстар мен көтерілген мәселелер бақылауға алынды.

Кездесулерден адамдардың мұндай есептік жиындарға деген сенімінің арта түскендігін байқауға болады.

**Материалды даярлаған:
Жәнібек Қызыр,
Жанар Қасымханова,
Жомарт Жақыпов.
Суреттер авторлардікі.**



ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДАМУЫМЫЗДЫҢ НЕГІЗІ

«Егемен еліміздің мемлекеттілігін, тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айғақтайтын бірден-бір құжат бұл – Конституция».

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев.



Қазақстан Республикасының Конституциясы - Қазақстанды мекен етіп отырған он алты миллионнан астам адамның басты құжаты, басты құндылығымыз. Ата Заң - Қазақ мемлекеттілігінің алтын арқауы және демократиялық дамуымыздың негізі.

1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған ҚР Конституциясы тәуелсіз, егеменді мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашқан тарихи құжат болып саналады. Халқымыз Республикалық Референдумда Конституция қабылдап, мемлекеттік құрылыс нысандарына, мемлекеттік биліктің жоғарғы және жергілікті органдарының жүйесіне, оларды ұйымдастыру және олардың қызметі принциптеріне қатысты ғана өз еріктерін білдіріп қойған жоқ, қоғамның экономикалық құрылымына және оны реттеудің конституциялық негіздеріне қатысты өз еркін білдірген еді.

«Көптің сөзі киелі», - дейді дана халқымыз. Ел - жұрттың талқысынан өтіп, таңдауына айналған басты құжатымыздың авторы - бүкіл Қазақстан халқы. Ғасырлар тоғысында әлемдік өркениеттің шыңына ұмтылған Қазақстан халқы тарихи да тағдырлы шешім қабылдап, жасампаз жаңа дәуірге қадам басты. Ата Заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Конституция мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары. Кемел келешегіміздің кепілі. Ел Президенті Н.Назарбаевтың сарабал саясатының нәтижесінде Қазақстан айбары асқан қуатты ұлтқа, дәулеті тасыған сәулетті елге айналды.

Міне осы тәуелсіз мемлекетіміздің Ата Заңының қабылданғанына биыл 20 жыл толып отыр. 20 жылдың ішінде еліміз өз тәуелсіздігін орнықтырып қана қоймай, одан әрі нығайтып, әлем таныған мемлекетке айнала білді. Қазақстанның

жүзеге асырған экономикалық, әлеуметтік, саяси қайта құрулары мен қол жеткен жетістіктері түгелдей Конституциямызбен тығыз байланысты екені күмәнсіз.

Құқықтық-демократиялық, зайырлы қоғам құру бағдарын ұстанған Қазақстан екі палаталы кәсіби Парламентін, биліктің жеке тармағы түріндегі әділетті сот жүйесін қалыптастырды.

Еліміздің негізгі заңында бекітілген басқару жүйесінің моделі бұл күнделікті өзін - өзі толығымен ақтап, қазіргі таңда нақ осы басқару мемлекетіміздің тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, экономикалық және саяси реформаны жүргізуге, елдегі саяси тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік берді.

Өткен 20 жылдың ішінде көптеген жаңа заңдар қабылданып, халық игілігіне қызмет етуде. Сол заңдардың қайнар көзі, бастауы - Конституция. Қолданыстағы Ата Заңымыз азаматтардың өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруларына сапалық және құқықтық негіз жасап, қоғамды одан әрі демократияландыруға кең жол ашты.

Қазақстан мемлекетінде адам құқығы және бостандығының жоғары құндылығы құқықтық мемлекеттің негізгі қағидасын реттеп отырады. Өз азаматтарының құқығы мен жеке бас бостандығын жоғары қойған мемлекет күнделікті өмірде өзін барлық мемлекеттер арасында жоғары деңгейден көрсете алады.

Конституциямыздың келешекте еліміздің алдыңғы қатардағы мемлекет болуына, демократияның, тиімді экономикалық реформалардың қалыптасуына жағдай жасайтын басты нормативтік құжат болатыны анық. Бұған қол жеткізу үшін әрбір азамат Конституцияда көрсетілген өз құқықтары мен міндеттерін терең түсініп, сақтауы қажет.

Конституция күні қарсаңында егемен елдің еңсерген елеулі жетістіктерін еске алып, жұртшылықтың назарына жеткізу - әр азаматтың парызы.

Қадір - қасиетіне мән беріп, ардақталып, ұлықталып, келе жатқан Ата заңымыздың маңызыға ие 20 жылдығын мерейлі мерекемен қарсы алайық, құрметті катонқарағайлықтар.

Қайрат Нұрқанов,
аудандық әділет
басқармасының
басшысы.

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің 2015 жылғы 27 ақпанда өтетін есебіне тұрғындардың ұсыныстарын, пікірлері мен сын-ескертпелерін жиюға арналған жәшікшелердің орналасу орны туралы ақпарат

Жәшікшелер орналасқан жер	Мекен-жайы
Катонқарағай аудан әкімі аппаратының ғимараты	Үлкен Нарын ауылы
Үлкен Нарын ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Абылайхан көшесі, 102
Ново-Хайрузовска ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Абылайхан көшесі, 116
Солоновка ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Ново-Хайрузовска ауылы
Ново-Поляковска ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Школьная көшесі, 4
Алтынбел ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Солоновка ауылы
Солдатово ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Советская көшесі, 38
Белқарағай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Новополяковска ауылы
Катонқарағай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Школьная көшесі, 1
Өрел ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Алтынбел ауылы
Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	С. Сейфуллин көшесі, 1
Аққайнар ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Солдатово ауылы
Коробиха ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Молодежная көшесі, 2
Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Белқарағай ауылы
	С. Жунусов көшесі, 42
	Катонқарағай ауылы
	Жампейсов көшесі, 19
	Өрел ауылы
	Қабанбай батыр көшесі, 33
	Жамбыл ауылы
	Жастар көшесі, 1
	Аққайнар ауылы
	Абай көшесі, 15
	Коробиха ауылы
	Заречная көшесі, 1
	Ақсу ауылы, Абай көшесі, 23/1

Сұраныз-жауап береміз

ДЕНІ САУДЫҢ - ЖАНЫ САУ

5 ақпан күні аудандық газеттің «Тікелей желі» айдары бойынша тұрғындар сауалына «Катонқарағай аудандық орталық аурухана» ШЖҚ КМК директорының орынбасары Молдажанова Мақтагүл Құрманғалиқызы және «Катонқарағай ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ ҚКМ –нің бас дәрігері Қадырбаев Арқабек Шаймарданұлы жауап берді.



Күлсара Рақымжанова,
Малонарым ауылы.

-2012 жылы бір көзіме глаукомаға қарсы ота жасатқам. Ал енді екінші көзіме де ота қажет болып тұр. Бұл ота ақылы

бола ма, әлде квота алуға бола ма?

-Квота берілу мәселесі облыстық бас дәрігер-офтальмологінің тұжырымынан кейін, облыстық денсаулық сақтау басқармасымен шешіледі және отаны жасау уақыты мен орны белгіленеді.

2015 жылы әр айдың екінші және төртінші жұмасында аудандық Орталық аурухана ғимаратында Катонқарағай ауданаралық ауруханасынан дәрігер-окулист келіп, қабылдау жүргізеді.

Айгербаева, Үлкен Нарын ауылы.

-Аудандық орталық аурухананың

пия бөлімінде ем алған кезімізде, кейбір дәрілерді сатып алуға мәжбүр болдық. Стационарлық ем алып жатқандарға олар тегін болмай ма?

-Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген мөлшері бойынша, бізге СК «Фармация» қамтамасыз етіп отырған дәрі-дәрмектер тізіміне, өкінішке орай, сіз сатып алған медициналық препарат аталмыш тізімге кіргізілмеген.

Алайда, ағымдағы жылы аурухананың өз қаражатына бұл тізімге кірмеген кейбір жүрек қантамырлары препараттары сатып алынатын болады.

онымен күрес жүргізу қандай жолға қойылған?

-Туберкулез ауруымен өңірдегі барлық медицина қызметкерлері күреседі. Ал, нақтылап айтқанда, ондай дертке ұшырағандарды емдеумен бір дәрігер, екі мейірбике, флюороқызметінің есебін жүргізетін бір қызметкер тікелей емдейді.

«Ауруды емдегенше оны болдырмаудың жолын іздеген оңай» демекші, біз жылына сегіз мыңдай адамды флюорографиялық тексеруден өткізіп отырамыз. Ауруханада стационарлық флюороқондырғы бар.

Жаз айларында, мамыр мен маусымда, жылда бізге облыстық туберкулез диспансерінен жылжымалы флюороқондырғы келіп, жұмыс істейді. Он екі жасқа дейінгі балаларды егу арқылы бақылап отырамыз. Біздің аурухананың жанында бактерологиялық зертхана бар. Онда адамдарды қақырық арқылы туберкулезден тексереді.

Жалпы өңірдің әрбір ересек тұрғыны жылына бір рет флюорографиялық тексеруден өтіп тұруы керек. Осы тұрғыдан келгенде, егде жастағы адамдарды тексеру, ауруханаға немесе ауылына барып тұрған жылжымалы флюорографиялық



қондырғыға әкелу қиын. Соның өзінде біз туберкулез ауруымен ауыратын адамдарды анықтауда, науқастар санын азайтуда белгілі бір жетістіктерге жетіп келеміз.

Түркістан Әлиханов,
Катонқарағай ауылы:

-Соңғы жылдары адамдар жүрек-қан тамыры, обыр, қант диабеті сияқты ауруларға көп шалдығып отыр. Оның себебі неде? Экология ма әлде басқалай әсерден бе?

-Экологиядан немесе мынадай себептерден деп кесіп айту, қиын. Алайда, ең алдымен әркімнің өз денсаулығына өзі жауапты екендігін ұмытпайық. Аурулардың белгілері ерте білінген, науқас оны асқындырмай, уақытында дәрігерге қаралған жағдайда, жақсы нәтиже шығады.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БАРЛЫҒЫМЫЗ БІРГЕ ЖЕНЕ АЛАМЫЗ



Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ, соларға теңестірілген адамдардың, сонымен қатар, коммерциялық және өзге де мекемелерде басқару функцияларын атқаратын адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүлктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүлктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы.

Құрметті азаматтар!

Біздің қызметіміз сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзбеушілік жағдайын туғызуға бағытталған.

Сондықтан біз Сіздермен бірлесе отырып, екіжақты тиімді, ұзақ мерзімді және ашық қызмет етуге аса көңіл бөлеміз.

Егер Сізге лауазымдық адамдардың заңда көзделмеген әрекеттері туралы, заң бұзушылықтары мен теріс қылытары туралы белгілі болған жағдайда төменде көрсетілген байланыс телефондарына

бірден хабарласуларыңызды сұраймыз.

Ақпараттарды алу барысында толығымен жасырындылық режимі сақталады.

23.08.2012 жылғы №1077 Үкімет қаулысымен бекітілген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарланған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзге де жолмен жәрдемдескен адамдарды көтермелеу қағидаларына сәйкес бір реттік ақшалай сыйақы түрінде көтермелеу жүргізіледі.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қолдау көрсеткен жағдайда жауапкершілікке тартылатындығын ескертеміз.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕРЕКТЕРІ
ТУРАЛЫ СІЗ ҚАЛАЙ ХАБАРЛАЙ АЛАСЫЗ:
Call-center – 1494 хабарлау.

(7232) 25-26-77 сенім телефонына немесе Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Департаментіне хабарлау: Өскемен қаласы, Лихарев, 2 көшесі. Хабарламаны anticorruption@kuznet.kz электрондық мекенжайына жолдауыңызға болады.

■ Келбет

ЕЛІН СҮЙГЕН, ЕЛІ СҮЙГЕН АЗАМАТ



Мұхамедқалимен таныспас бұрын ол жайында ел азаматтарынан көп естігенмін. «Бір терінің пұшпағын бірге илеп» дегендейін аудандық газетте көп жыл бірге істеген досым Қайырды Назырбаев Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Шыңғыстай орта мектебінде оқыған кездерін еске алғанда интернетта бірге тұрған достары кибернетика ғылымдарының докторы, профессор марқұм Төлеухан Бияров, ҚР еңбегі сіңген Мәдениет Қайраткері әнші Рамазан Елубаевтармен бірге Мұхамедқали Бұлғыновты да ерекше бір ыстық сезіммен атайтын. Екі аудан қосылғаннан кейін Мұхамедқали замандасымыз жайлы мағлұматтарды көп алатын болдым. «Арай» газетінде бірде ол басқарып отырған «Бұлғынов» ЖШС маусымдық жұмыстарынан материалдар, енді бірде Мұхамедқалидың аудандық деңгейде өткізілген жиналыстарда сөйлеген сөздері, республикамызда болып жатқан әртүрлі әлеуметтік-саяси жағдайларға азамат ретінде білдірген пікірлері, ауылдастарының оның атына айтқан ризашылықтары басылып тұрды. Пендешілік қой, ол жайында менде осыншама мағлұмат бола тұра алғаш рет М. Бұлғыновтың өзін көргенде бұрынғы естігендеріме сеніңкіремей де қалдым. Аудандық әкімшіліктің алдында «Джип» машинасынан түсіп кетсеңе қарай нық басып келе жатқан, үстіне шымқай қара түсті костюм мен пальто киген, атжақты жүзіне жарасымды етіп сәндеп сақал қойған ол маған шаруашылық басшысы емес өнер адамы сияқты болып көрінген. Адамды жүре, сөйлесе келе танысың. Мұхамедқали замандасымыз өмірде елім, жерім деп соққан жүрегі бар, жаны да қолы да ашық аңқылдаған жан болып шықты. Бүкіл ғұмырын ауылшаруашылығын өркендетуге, ауылдастарының әлеуметтік мәселелерін шешуге арнап, қоғамдық жұмыстарға да жүрдім-бардым қарамаған. Қазір де ол Алтынбел ауылдық округінен сайланған аудандық мәслихаттың депутаты ретінде де ауданның мәдени-әлеуметтік өміріне араласып өз сайлаушыларының мүдделері үшін барын да жаны да салып жүр. Яғни, ол депутаттық корпусқа кіргеннен бергі уақыт ішінде Майемер орта мектебіне су тартылды, көшелерге жарықшамдар орнатылып, ауыл ішінде су шүмегі іске қосылды. Алтынбел ауылдық округіне кіретін өзге де елді мекендерде жолдар, көпірлер жөнделіп сайлауалды бағдарламасында белгіленген мақсаттарының басым бөлігін абыроймен орындап үлгерді. Жастарды еңбекке, имандылыққа тәрбиелеу, туған ауылы Майемердің тұрғындарын тұрақтандыру М. Бұлғыновтың жатса-тұрса ойынан да ісінен де тыс қалмайды. Ауылда өткізілетін мәдени-көпшілік шараларға, әл-ауқаты төмен отбасыларына демеушілік жасап отыруды да ол өзінің азаматтық ісі, туған жеріне деген тағзымы деп санайды. Мұхамедқали Бұлғыновты осындай биік азаматтық деңгейге жеткізген ең алдымен жоғары сана, өз халқына, ұлтына, туған жерге

деген сүйіспеншілік сезімі мен өмір атты үлкен мектеп екені айдан анық. Бұған оның әрбір іс-қимылынан, сөйлеген сөзінен, өмір жолынан анық көз жеткізуге болады.

-Майемерден сегізжылдықты бітіргеннен кейін бір жыл Шыңғыстайда интернатта тұрып оқыдым. Ал, орта білімді Көктеректен алдым,- дейді М. Бұлғынов. - Отбасымыз үлкен еді. Он бір бала есепші болып істейтін әкемнің еңбекақысымен күн көрдік. Анамыз отбасымыздың береке-бірлігін сақтап, жекеменшігіміздегі малымыздың өнімдерін іске жаратып, үй тірлігімен айналысты.

Үлкен отбасында туып, барды да жоқты да біліп өскен Мұқан мектепті бітіргеннен кейін «мен үлкен қалаларға барып оқимын» деп ата-анасын қинамады. Әкесінің ақылымен Әскеменге барып өзі қалаған институтына түсті де бір жылдан кейін отбасылық жағдайына байланысты оқуын үзіп, ауылға қайтып келіп колхозда қатардағы жұмысшы болды. Әскер қатарында өзінің Отан алдындағы азаматтық борышын өтегеннен соң, өндірістен қол үзбей жүріп Саратовканың ауылшаруашылығы техникумын бітірді. Алғашында «Ленин» атындағы колхоздың Майемер өндірістік учаскесінде механик, одан соң, егіс бригадасы бригадирінің көмекшісі, колхоз орталығында инженер болып қызмет істегеннен соң Майемерде өндірістік учаскенің меңгерушілігіне тағайындалды. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы», -дейді халық. Ауылшаруашылығы өндірісінің білгірлері, колхоз бастықтары болған Социалистік Еңбек Ері Бошай Кітапбаев пен Сайлау хан Аухадиевтің мектебінен өткен ол басшылық жұмысқа шыңдалып келді. Бұл қызметті М. Бұлғынов мемлекеттік меншік жойылғанша, үзбей он бес жыл атқарды. Заман ағымын түсінетін, ауылшаруашылығы өндірісінің қыр-сырын бес саусақтай білетін, басшылық жұмыстан да мол тәжірибе жинаған Мұқаметқалиға жаңа қоғамға бейімделу еш қиындық етпеді. Өзімен бірге бұрыннан өндірістік учаскеде бірге еңбек еткен жігіттермен ақыл қосып, «Бұлғынов» атты жауапкершілігі шектелген серіктестік құрып техникалық базаларын талан-тараж етпей сақтап қалды. Жеке кетіп, өз кәсібімді жасаймын дегендердің де қолын қақпады. Сол бетте ол қарамағына алған 420 гектар егістік жеріне астық сеуіп өзінің жеке шаруашылығын бастап кетті.

«Өзім дегенде өгіз қара күшім бар» деп атам қазақ тегін айтпаған ғой, - дейді М. Бұлғынов. - Қолымызда бар техника күшімен агротехникалық шараларды толығымен сақтауға ұмтылып еңбек еттік. Төгілген маңдай теріміз текке кетпеді, молынан өз жемісін берді. Бірнеше жыл қатарынан астық дақылдарының әр гектарынан 30-40 центнерден өнім жинадық. Қамбамыз дөңге толған соң көңіл-күйіміз де көтеріліп, еңбекке деген құлшынысымыз да артты. Қазір сол бетімізбен еңбек етіп келеміз.

Өзі туралы айтқанды онша ұната бермейтін М. Бұлғыновтың қол жеткізген жетістіктерінің, туған ауылына жасап отырған көп жақсылықтарының, оның ұзақ жылдардағы еңбегінің өтеуі-биылғы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ҚР ауылшаруашылығы Министрлігінің Құрмет грамотасымен, аудандық, облыстық деңгейлердегі басшылықтардың мадақтама қағаздарымен, бағалы сыйлықтарымен бағаланғандығы деп білген жөн.

Адам өмірі махаббаттан тұрады. Ол туған жерге, өскен елге, өз ұлтына, сүйген адамына деген махаббат. Ендеше елін сүйген, елі сүйген Мұхамедқалидың жұдырықтай жүрегі ондай махаббатқа толы.

**Жәнібек Қызыр.
Сурет автордікі.**



Қазақ хандығының 550 жылдығы

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер жаңа қазақстандық патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие», деп атап көрсетті. Тәуелсіздігінің ширек ғасырға жуық жаңа шежіресінде өркениеттік даму үрдісімен төрткүл дүниені таңдандырған Қазақстанның мемлекеттігі кейбіреулер айтқандай кеше ғана басталмаған. Оған Мемлекет басшысының 2014 жылғы 22 қазанда Астана қаласы активімен кездесуіндегі: «Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттігінің тарихы сол кезден басталады», деген сөзі дәлел. Осыған орай төл тарихын білгісі келетін қалың оқырманға Қазақ хандығының төрт ғасырлық шежіресінің елеулі кезеңдерінен сыр шерткен қысқаша танымдық шолуды ұсынып отырмыз.

ҚОС ҚАНАТ

Осыдан бес ғасырдан астам уақыт бұрын Көк Орда билеушісі Орыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілқайыр ханға бағынудан бас тартып, Шу өзенінің бойындағы Қозыбасы атты қоныста дербес хандықтың туын көтерді. Еркіндік аңсаған елін азаттық ұранымен жігерлендірген ба-



тыр бабаларымыз Керей мен Жәнібек жаңа бір ұлыстың дербестігін жариялап, жаңғырған қазақ этносының атауын алған тарихта тұңғыш тәуелсіз Қазақ хандығын құрды. Атақты тарихшы Мұхамед-Хайдар Дулатидің қалдырған нақты деректеріне сүйене отырып, тарихшы-ғалымдарымыз Қазақ хандығының құрылған кезі 1465 жылы болғанын белгіледі.

Алғашқыда Керей мен Жәнібек сұлтандардың соңына еріп, қазақ болып бөлінген халықтың саны екі жүз мың адам екен. Сол заман үшін бұл санның да көп халық болғанымен, байтақ ұлысты жайлаған қазақтардың қандастары бұдан сан есе артық болатын. Шу бойына ту тіккен жаңа хандық біраз орныққаннан соң бүкіл Көк Орда жерін түгел қайтару жолындағы жорықтарын бастады.

Сонымен 1465 жылы атамекенімізде тұңғыш рет Қазақ хандығы атты тәуелсіз мемлекет дүниеге келіп, бүгінгі біртұтас қазақ халқының негізі қаланды. Қазақ ордасы құрылғанда алдымен жасы үлкен Керей сұлтан ақ киізбен хан көтеріліпті. Одан кейін Жәнібек хан билік құрды. Тарих сахнасына шыққан біртұтас Қазақ мемлекетінің ұлттық ұраны – «Алаш», мемлекеттік Елтаңбасы – «Төре таңба», яғни көне түрік заманынан келе жатқан бас таңба. Бас байрағы – төре таңбалы қызыл ту, Астанасы – қасиетті Түркістан қаласы болды.

Қазақ хандығының төрт ғасырға созылған шерлі шежіресінде жырмадан астам хан билік құрған екен. Ел билігін қолға ұстаған бұл тарихи тұлғалардың талайым тағдырлары да сан қилы, билік құрудағы қабілеттері де әр деңгейде болды. Мемлекет іргесін нығайтып, туған халқының мәңгілік сүйіспеншілігіне бөленгендері де, елін тоздырып, дұшпанға таба қылғандары да жоқ емес. Бірақ олардың бәріне ортақ бір қасиет – өз замандарының қалыптасқан жағдайларына байланысты қал-қадірінше хандық туын жықпауға тырысты. Төрт ғасыр Қазақ хандығының билігін ұстаған тұлғалар мыналар еді:

Керей хан Болат сұлтанұлы 1465-1474 жылдары билеген. Жәнібек хан Барақ ханұлы 1474-1480 жылдары билеген. Бұрындық хан Керей ханұлы 1480-1511 жылдары билеген. Қасым хан Жәнібек ханұлы 1511-1522 жылдары билеген. Момыш хан Қасым ханұлы 1522-1523 жылдары билеген. Тайыр хан Әдік сұлтанұлы 1523-1533 жылдары билеген. Бұйдаш хан Әдік сұлтанұлы 1533-1538

жылдары Жетісу өңірін билеген. Тоғым хан Жәдік сұлтанұлы 1533-1537 жылдары билеген. Ахмет хан Жаныш сұлтанұлы 1533-1535 жылдары Сырдария маңын билеген. Хақназар хан Қасым ханұлы 1538-1580 жылдары билеген. Шығай хан Жәдік сұлтанұлы 1580-1582 жылдары билеген. Тәуекел хан, Шығай ханұлы 1582-1598 жылдары билеген. Есім хан Шығай ханұлы 1598-1628 жылдары билеген. Жәнібек хан Есім ханұлы 1628-1643 жылдары билеген. Салқам Жәңгір хан Есім ханұлы 1643-1652 жылдары билеген. Батыр хан Бөлекей сұлтанұлы 1652-1680 жылдары билеген. Тәуке хан Жәңгір ханұлы 1680-1715 жылдары билеген. Қайып хан Хысырау сұлтанұлы 1715-1718 жылдары билеген. Болат хан Тәуке ханұлы 1718-1729 жылдары билеген. Әбілмәмбет хан Болат ханұлы 1729-1771 жылдары билеген. Абылай хан Көркем Уәли сұлтанұлы 1771-1781 жылдары билеген. Кенесары хан Қасым сұлтанұлы 1841-1847 жылдары билеген.

Иә, төрт ғасыр бойы дәуірлеген Қазақ хандығының тарихында нелер болмады. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап» қалың қазақ мамыра-жай тірлік кешкен дәуірлеу кезеңі де, жау жағадан алғанда, бөрі етекпен тартып кең сахараны бұлт торлап, ер етіпкен қан кешкен күйзелген кезеңдер де өтті. Енді бүгінгі тарихшылардың, зерттеушілердің, қаламгерлердің әр кезеңде жарық көрген деректі дүниелеріне сүйене отырып, сол бір аумалы-төкпелі төрт ғасырлық тарихи шежірені санамызда саралап, тағы да бір зерделеп өтейік.

Көнеден келе жатқан небір тарихи деректерде бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасы алып жатқан ұлан-ғайыр аймақ ежелден-ақ, қазақ халқының этникалық негізі болып табылатын қазақ тайпаларының атамекені болатын. Қазақ хандығының құрылуы қарсаңында XIV-XV ғасырларда: үйсіндер өздерінің байырғы заманнан бергі мекені – Жетісу өңірінде, дулаттар – Іле, Шу, Талас өзендерінің сағаларында, Ыстықкөлдің оңтүстігін, Оңтүстік Қазақстандағы «Отырар жасыл алқабын», қаңлылар – Қаратау баурайын, орта Сырдария мен Жетісудың батыс бөлігін, арғындар – Ертістен батысқа қарай Орталық Қазақстанды, Сырдарияның алқаптарын және Жетісудың батысын, наймандар – Ұлытаудан Есілге дейінгі аймақтарда, қоңыраттар – Түркістан мен Қаратау өңірлерін, керейлер – Тарбағатайда, Ертіс бойында, Зайсан көлінен Ом және Тобыл өзендерінің аңғарларына дейінгі ұлан даланы жайлап жатты.

Сібірден Сыр бойына, Ертістен Жайық атырабына дейінгі жарты әлемді алып жатқан қазақ тайпаларының арасында қыпшақтардың орны ерекше еді. Тіпті, сонау XIII ғасыр тарихшыларының деректерінде Алтын Орда хандары «Қыпшақ патшалары» деп аталды. Алтай тауларынан Дунайға дейінгі ұлан-ғайыр аймақты түгел қамтыған Алтын Орда атты алып мемлекеттің еуропалық бөлігі – оң қанат, ал азиялық бөлігі – сол қанат деп есептелген еді. Атақты қаламгер Мұхтар Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» атты еңбегінде: «Алтын Орданың оң қанаты – Ақ Орда, сол қанаты – Көк Орда деп аталады. Бұл арада көне түрік тілінде ақ сөзі – батыс, көк сөзі – шығыс дейтін мағына беретінін айта кету керек. Сондықтан совет тұсындағы кейбір тарихи еңбектердегідей бұл екі орданың орнын шатастыруға болмайды. Алтын Орданың шығыс бөлігі, яғни Көк Орда негізінен қазіргі Қазақстан Республикасының территориясын қамтыды» деп тұжырымдайды.

Осындай құрылымдар еліміздің батыс өңірінде де құрылып жатты. Әрине, оның бәрін тізбелеп жату газет мақаласының аясына сыймайды. Ендеше, сайын дала ешқашан иесіз жатқан емес.

**Жылқыбай ЖАҒЫПАРҰЛЫ.
«Егемен Қазақстан» газетінен.**

(Жалғасы газеттің келесі санында)

Спорт

ШАҢҒЫ ШАҚЫРАДЫ - 2015

2015 жылдың қаңтар айының 23 жұлдызында Катонқарағай ауылының «Жас турист бекеті»-нің шаңғы базасында «Шаңғы шақырады-2015» атты жарыс өткізілді. Бұл жарысқа 12-14, 15-17 жас аралығындағы қыздар және ұлдар командасы өз бақтарын сынады. Жарыс 12-14 жас аралығындағы оқушыларға 1км қашықтықта, 15-17 жас аралығындағы оқушыларға 1,5 км және 500м қашықтықта өткізілді. I-ші орын, 1км қашықтықта ұлдар арасында Рыков орта мектебінің оқушысы Саят Мұхаметқанов жеңіп алды, II- ші орынды Ленин орта мектебінен Денис Матасов, III- ші болып Равиль Қазезов мәре сызығын қиды. 1,5 қашықтықта Рыков орта мектебінен I-ші орынды Нұрқамзинов Нұрсұлтан, II- ші орынды Есхатов Рустам, III- ші орынды Ленин орта мектебінен Шалимов Сергей иеленді. Қыздар арасында 500м қашықтықта Рыков орта мектебінің қыздары - I-ші орынды Мұхтарханова Сания жеңіп алса, II- ші болып мәре сызығына Қадылбекова Мәлдір, III- ші Қазизова Мадина келді. Жарыс соңында жеңімпаздар,



жақсы көрсеткіш көрсеткендері үшін мақтау қағаздарымен марапатталды.

Алмагүл Мұқанбекова,
«Жас турист бекеті» директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ**Шоқан Уалиханов атындағы Кадет Корпусына оқуға шақырамыз!**

Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі жыл сайын Ақмола облысы, Щучинск қаласында орналасқан Шоқан Уалиханов атындағы Кадет Корпусына үміткерлер дайындайды.

Кадет корпусына:

1) оқуға түсетін жылы 17 жасқа толған мектеп бітіруші түлектер,

2) 21 жастан үлкен емес, кәсіби іріктеудің барлық талаптарына жауап беретін азаматтар,

3) «Жасұлан» республикалық әскери мектеп-интернаттардың бітірушілері,

4) өз әскери мамандығына және қызмет мерзіміне қарамастан мерзімді қызметтің әскери қызметшілері және кәсіби іріктеудің барлық талаптарына жауап беретін 23 жастан үлкен емес жастағы запасқа шығарылған мерзімді қызмет әскери қызметшілері қатарынан әскери міндеттілер қабылданады.

Кадет корпусы қызметінің негізгі мақсаты-Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде сержанттар құрамы лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызметті өткеру үшін кіші командалық құрам кадрларын даярлау болып табылады. Жалпы орта білім базасында оқыту-екі жыл. Кадеттердің тұрмысы жалпыәскери жарғылардың талаптарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің бұйрықтарына сәйкес ұйымдастырылған. Оқу кезінде тәрбиеленушілер толық мемлекеттік қамқорлықта болады. Оларға ай сайын ақшалай жәрдемақы төленеді. Оқитындар Кадет корпусы жатақханасының бөлмесінде 3-4 адамнан тұрады. Ата-аналарына (туыстарына) сөйілдемеге шығу сенбі және жексенбі күндері беріледі. Семестрлер аралығында кадеттерге каникулдық демалыс беріледі. Қысқы уақытты демалыс әр оқу жылының бірінші семестрі аяқталғаннан кейін беріледі және он төрт тәулікті құрайды. Жазғы уақытты демалыс оқу жылы аяқталғаннан кейін беріледі және ол отыз тәулікті құрайды. Демалыс кезінде кадеттерге ата-анасының немесе оларды ауыстыратын адамдардың тұрғылықты жеріне баруға рұқсат беріледі.

Кадет корпусында:

-интерактивті оқу сыныптары;

-компьютер сыныптары;

-лингвистикалық зертхана;

-әскери пәндер бойынша сыныптар;

-кітапхана;

-оқу орталығы (полигон) бар.

Болашақ Отан қорғаушысы дені сау, күшті және төзімді болуы керек. Денесінің негізгі қасиеттерін қалыптастыру

және дамыту үшін Кадет корпусында үлкен мән беріледі.

Ол үшін:

-тренажер залы;

-ойын залы бар.

Кадет корпусының аумағында ашық типті спорт алаңы, жалпыәскери кедергілер жолағы, баскетбол және волейбол алаңы бар. Кәсіптік әскери даярлық пен Отан қорғау-болашақ мамандығына сүйіспеншілікті тәрбиелеу үшін кадеттерге ҚР ҚМ әскери білім және ғылым Департаментімен әзірленген әскери даярлық оқытылады. Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан табысты өткен бітірушілерге Кадет корпусының мөрімен расталған техникалық және кәсіптік білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі. Келісімшарт кадеттермен 18 жасқа толған уақытта, бірақ бірінші курсты бітіргенге дейін оқитудың қалған мерзіміне және әскери қызметті Кадет корпусын бітіргеннен кейін сержант құрамы лауазымында ҚР Қарулы Күштерінде он жыл бойы өткеруге жасалады.

Азаматтарды қабылдау олардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады. Ол үшін әрбір үміткер Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келіп, оқуға түсетін жылдың 1-сәуіріне дейін ниет білдіріп, өтініш жазады. Өтінішке мына құжаттар қоса беріледі:

1) нотариалды куәландырған жеке куәлігінің көшірмесі;

2) нотариалды куәландырған жалпы білімі туралы (аттестаттың) құжаттың көшірмесі;

3) Қазақстан Халық банкінің пластикалық картасының көшірмесі;

4) өмірбаяны;

5) оқу немесе жұмыс орнынан мінездеме;

6) ата-анасының (оларды ауыстыратын адамдардың) тұрғылықты жерінен отбасы құрамы туралы анықтама;

7) тұрғылықты жерінен полицияға тартылуы (тартылмауы) туралы ішкі істер бөлімінен анықтама;

8) фотосурет 4х6-6 дана (бас киімсіз);

9) жеңілдіктерге басым құқығын беретін құжаттар.

Кадет корпусына оқуға түсуге ниет білдірушілер Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімге келіп, немесе 8-723-41-2-17-07, 2-15-47 байланыс телефондары арқылы толық ақпарат алуға болады.

Мейірхат Саябаев,
келісімшарт бойынша әскери қызметшілерді қабылдау және әскерге шақыру бөлімшесінің бастығы, капитан.

Еске алулар**Мұратов Алтай Өлібекұлы**

1953 жылдың

6-қазанында Берел ауылында дүниеге келген еді. Әскери борышын атқарғаннан кейін, 1975 жылы еңбек жолын ол Берел орман шаруашылығының жұмысшысы болып бастады. Осы салада еңбек ете жүріп, Лениногор орман шаруашылығы техникумына түседі де, кейін «Орман шаруашылығы» мамандығы бойынша аяқтайды.


1982 жылы осы орман шаруашылығының орманшысы болып ауыстырылды. Осыдан бастап, үздіксіз жетекші қызметтер мен жұмыстар атқара отырып, өз ісінің шебері, ұжымның ұйытқысыз ұстап отырған орманшы, абройлы әріптес, қатарының алды болды. 40 жылға таяу уақыты мен еңбегін өзінің туған жеріне, туған еліндегі ор-

ман шаруашылығы саласына, оның дамуы мен өркендеуіне арнаған Алтай Өлібекұлы ұжымда көптеген жас буынды өз кәсібін жетілдіруге шындай білді. Орман шаруашылығының суығы мен ыстығына төтеп берерліктей төзімді мамандар болып қалыптасуына ықпал етті.

Екі қыз, бір ұл тәрбиелеп, оқытып, енді балаларының қызығын, жетістіктерін көретін кезінде денсаулығы сыр беріп, көптеген емделулер нәтиже бермей, Алтай ағамызды арамыздан әкетті.

Осындай іскер, тәжірбиелі орман шаруашылығының аға буын маманы, халқына сыйлы азамат Алтай Өлібекұлының 2015 жылдың 12 ақпанда дүниеден өткеніне 40 күн толуына орай, соңында қалған отбасына, туған-туыстарына, балаларына, барша ауылдас, үзгенгілес қауымның қайғысына «Катонқарағай МҰТП» РММ-нің ұжымы атынан ортақ екенімізді білдіріп, Алтай Өлібекұлын сағына еске аламыз.

Еске алушы: «Катонқарағай МҰТП» РММ-сі ұжымы.

Құттықтаймыз!

Белқарағай ауылының тұрғыны, асыл ағамыз Асанов Бауыржанды 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып:

Келдіңіз міне, алпыстың асқарына,
Көпке сыйлы Сіздің ғазиз басыңыз.

Бала-шаға, немере ортасында,
Әлі талай асулардан асыңыз.

Іні-қарындасқа қамқор болған панамыз,
Жүзге дейін жалғаса берсін жасыңыз - дейміз.

Ізгі тілекпен: барлық туған-туысқандары атынан қарындасы-Айнұр-Ержан, жиендері-Қанат-Арайлым, Ильнур-Талант.

Ризашылық

Соғыс және еңбек ардагері, байырғы ұстаз, әкеміз **Нұрсадықов Дәулетханның** бақидан пәниге көшуіне байланысты отбасымызға көңіл айтқан, қиын сәтте жанымыздан табылып, иығымызға түскен ауыртпалықты бөліскен Катонқарағай ауданының басшылығына, ауылдастарымыз бен туған-туысқандарымызға, аудандық білім беру, аудандық газет, Агроколледж ұжымдарына шексіз ризашылығымызды білдіреміз.

Нұрсадықовтар әулеті.

Хабарландырулар

«Балғын орта мектебі» КММ-де, 2-09-58 сенім телефоны жұмыс істейді. Сонымен қатар, мектеп дәлізінде өтініштер мен шағымдар үшін жәшік орнатылған.

Исин Аскар Ойраткановичтің атына берілген трактор жүргізу куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

«Новоберезовка орта мектебі» КММ-де 2-00-28 сенім телефоны жұмыс істейді. Мектеп дәлізінде өтініштер мен шағымдар үшін жәшік орнатылған.

«Солоновка орта мектебі» КММ-де 2-34-40 сенім телефоны жұмыс істейді. Мектеп дәлізінде өтініштер мен шағымдар үшін жәшік орнатылған.

Құрметті автокөлік иелері!

«Исатай» ЖШС Сіздердің назарларыңызға 2015 жылға көлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізу бойынша бағаларды ұсынады:

№	Бағасы (теңге ҚҚС есептемегенде)	Көлік құралдарының түрі
1	5500	Жүк автомобилдері
2	3000	Жеңіл автомобилдер
3	5000	УАЗ, РАФ, Газель
4	5500	Автобустар

Алғашқы техникалық байқаудан техникалық ақауы болған себепті, өткізілмеген көлік құралдары бойынша техникалық байқаудан қайталап өткізудің бағасы алынбайды.

Мекенжайы: Үлкен Нарын а., Сіләмов к-сі, 138 (бұрынғы ветдәріхана ғимараты). Тел. 2-23-13; Катонқарағай а., Бөкеев к-сі, 115. Тел. 2-18-72.

Үлкен Нарын ауылының тұрғыны болған, отбасының ұйытқысы аяулы анамыз, ардақты әжеміз **СЕРЬЯНОВА ҚАПИЗА АХМЕТҚЫЗЫНЫҢ** бақилық болғанына 40 күн толуына байланысты сағынышпен еске аламыз. Әкеміз екеуі жарасымды отбасын құрып, бізді әлпештеп өсірді. Амал қанша, балалары мен немерелерінің қызығын көрер шақта, анамыз бақилыққа аттанды. Асыл анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын дейміз.

Мінезіңмен елге сыйлы, салмақты,

Асыл жансың бізге қымбат ардақты.

Жатқан жерің жарық болсын, мәңгіге,

Ұрпағыңа берсін дәулет, бар бақты.

Еске алушылар: жұбайы, балалары мен немерелері.

Ақпан айының 15 жұлдызында сағат 12.00-де «Сары-Арқа» мейрамханасында марқұм анамыздың қайтыс болғанына 40 күн толуына байланысты құран бағышталып, ас беріледі. Асқа ауылдастарымызды, туған-туысқандарымызды, құда-жекжаттарымызды, достарымызды шақырамыз.

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының ұжымы, осы мекеменің басшысы Жұмағұлов Ерен Кадошұлына қайын енесінің өмірден қайтуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Директор-редактор Жомарт Жақыпов	Құрылтайшы: ШҚО Қаржы басқармасы. Өкілетті орган: ШҚО Ішкі саясат басқармасы.	Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 25. 06. 2013 жылы № 13707-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» ЖШС-нің компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Космос к-сі, 6/3. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина Газет нөмірі бойынша кезекші: Жанар Қасымханова	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. Индекс: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1875, «Луч»-1290. № 5700 тапсырыс.